

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 10 қазандағы N 1510 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қазандағы N 1525 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 мамырдағы N 691 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009.05.12 N 691 Қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының спортшыларына - Сидней қаласындағы (Австралия) 2000 жылғы XXVII Олимпиадалық ойындардың жеңімпаздарына, жүлдегерлеріне және олардың жаттықтырушыларына бір жолғы төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қазандағы N 1510 P001510_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақтағы 163335000 (бір жүз алпыс үш миллион үш жүз отыз бес мың) деген сан 165474000 (бір жүз алпыс бес миллион төрт жүз жетпіс төрт мың) деген санмен ауыстырылсын; көрсетілген қаулының қосымшасында: реттік нөмірі 16-жол алынып тасталсын; ескерту мына абзацпен толықтырылсын: Жеңімпаздар мен жүлдегерлер командаларының жаттықтырушыларына бір жолғы төлемдер әрбір жаттықтырушыға спортшылар үшін белгіленген мөлшерде төленеді.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі